

**Исаканова Жанна
Кайсановна**

**Бастауыш сынып мұғалімі
Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай
ауданы Рыков атындағы орта мектеп**

**Диалогтық әдіс пен
топтық жұмыстың
тиімділігі**

**Жаңа
тақырыпты
оқу**

**Жаңа
тақырыпты
игергенін
тексеру**

**Диалогтық
әдіс пен
топтық
жұмыстың
тиімділігі**

**Бақылау,
сынау**

**Тәжірибелік
жұмыс жасау**

**Пікірталас
тудыру**



**“Диалог- тек алма-
кезек сөйлеу емес,
ойдың соғысы, ой мен
ойдың жалындауы,
мінез бен мінездің
найзаласуы, идея мен
идеяның
қылыштасуы”**

(Ә. Тәжібаев)

**“Диалог- сабақта
оқушылардың
қызығушылығын
арттырумен қатар,
олардың білім
деңгейінің өсуіне үлес
қосады”**

(Мерсер, Литлтон)

**Жетілген диалогтық әдісті
қалыптастыру, топтық
жұмысты нәтижелі
ұйымдастыру жолдары**


Мұғалім:-Дүние жүзінде
неше мұхит бар?

Оқушы:-4

Мұғалім:-Дұрыс

Жетілмеген диалог

**Сұрақты дұрыс қоя білу-
маңызды дағдылардың бірі.**




**Сұрақ қоюдың
техникалары**

Түрткі болу

Сынақтан өткізу

Қайта бағыттау



Сұрақ қоюдың техникалары

Түрткі болу (сұрақ қойып, оқушы жауабын білмеген жағдайда көмектесу үшін дұрыс жолды сілтеу, өткенді еске түсірту арқылы оқушы ойына түрткі салу, дұрыс жауап алуға жетелеу)

Сынақтан өткізу (оқушыларды нақты білім алып, сол білім деңгейінде ойларын ары қарай өрбіту, осымен келісесің бе, тағы қандай жолдары бар деп диалогты өрбіту)

Қайта бағыттау (бір сұрақты бірнеше оқушыға қайта-қайта бағыттап сен қалай ойлайсың, сенің пікірің қандай, ал сен ше деп еркін диалогқа шақыру арқылы еркін сөйлеп, өз ойын ашық айтуға үйрету)

Топтық жұмысты ұйымдастыру:

- топқа бөлу әдісі оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қызықты болғаны жөн
- сыныптың топтық жұмыс ережесін құрып алу;
- топқа бөлінгеннен кейін оқушылар топтық рольдерді атқара алу керек;
- рольдерді оқушылардың өздері таңдауына мүмкіндік беру;

Топтық жұмыста

- берілген тапсырма барлығына қызықты болу керек;
- тапсырма оқушы мүдделеріне сәйкес келіп, бірлескен жұмысқа деген ынта тудыруы керек;
- бірлескен жұмыс ережесін айқындап, нақты уақыт белгіленуі керек;
- тапсырма берілген соң, оның түсініктілігін топ ішінде талқылап алу керек;
- топтар арасында бәсекені негізгі мақсатқа айналдырып жібермеу керек;
- жұмыс аяғында әр топ жұмыс нәтижесін жариялап отыру немесе есеп беруі керек.



**Топ
басшысы**

Баяндаушы

Бақылаушы

**Топтық
жұмыстағы
рольдер**

Хатшы

**Уақыт
шектеуші**

Топ басшысы:
-әділдікті, тәртіпті
бақылайды,
ұйымдастырады. өз
идеясын айтады

Бақылаушы:
- әркім өз ролін атқарып
жатыр ма, қадағалайды,
өз идеясын айтады

Хатшы:
-әркімнің пікірін қағазға
жазып отырады, өз
идеясын айтады

Уақыт шектеуші :
-уақытты назарда
ұстайды ,шектеп
отырады, өз идеясын
айтады

Баяндаушы:
-өз идеясын айтады,
ортаға шығып топтық
жұмысты баяндайды,
қорғайды

Сауалнама:

- 1.Топқа бөлініп жұмыс жасау ұнады ма?
- 2.Топтық жұмыс сенің үлгеріміңе әсер етті деп ойлайсың ба?
- 3.Алдағы уақытта да осылай жұмыс жасауды қалайсың ба?
- 4.Топтық жұмыста басқалармен қарым-қатынасың қалай болды?
- 5.Ортақ пікірге келерде қиыншылықтар болды ма?
- 6.Топтық жұмыстың басқадан айырмашылығы неде деп ойлайсың?
- 7.Сенің пікіріңді топ қандай дәрежеде бағалады?
- 8.Қандай ұсынысың бар?

Сауалнама:

- 1.Топқа бөлініп жұмыс жасағанда саған не ұнады ?**
- 2.Топтық жұмыста сен қандай роль атқардың?**
- 3. Топ мүшелері өз рольдерін қалай атқарды?**
- 4.Топтық жұмыс барысында не қызықты болды?**
- 5. Топтық жұмыс барысында не ұнамады?**
- 6.Топтық жұмыста алға қойған мақсатқа жете алдыңдар ма?**